

Көшелерді қайта атау туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кенті әкімінің 2015 жылғы 27 қарашадағы N 350 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 желтоқсанда № 5266 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 27 тамыздағы №3 қорытындысына сәйкес, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазалы ауданы Әйтеке би кентінің Жанқожа 3 километр көшесінің 20 ипотекалық үйлер орналасқан бөлігі "Плис Нұрпейісов" есімімен, Жанқожа 3 километр көшесінің сол жақ бетіндегі бірінші көшесі "Қалибек Бекетов" есімімен қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау кент әкімінің орынбасары К.Иманбаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ӘКІМ

С. АМАНОВ